



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН


«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы - ректор
С.Н.Идрисов
» 01 2024 ж.

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 038

Атырау 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	2 - бет, 10 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Жастар саясаты департаменті директоры	Г. Саясат		18.01.2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		18.01.2024
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е.Қойшығұлова		18.01.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		18.01.2024
	Заңгер	К.С.Куанов		18.01.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	3 - бет, 10 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Негізгі міндеті	5
5	Негізгі қызметі	5
6	Ұйымдық құрылымы	5
7	Құқығы	7
8	Жауапкершілігі	8
9	Қорытынды ережелер	8
10	Өзгерістер енгізу тәртібі	8
	Танысу парағы	9
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	10

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	4 - бет, 10 беттен тұрады

1 Жалпы ереже

- 1.1 Берілген Ереже АУ-ң студенттер үйінен тұрғын үй алаңын беру бойынша қарым-қатынастарды реттейді;
- 1.2 Тұрғын үй алаңы студенттерге, магистранттарға және тыңдаушыларға оқу кезеңіне уақытша беріледі.
- 1.3 Қабылдау емтихандарын тапсырған кезінде талапкерлерге және университетте жұмыс істеген кезінде жоғары оқу орнының қызметкерлеріне студенттер үйіне тұруға рұқсат етіледі.
- 1.4 АУ-ң студенттер үйіндегі тұрғын бөлмелер мамандандырылған тұрғын үй бөлмелерінің бір түрі болып табылатындықтан, олар жеке меншікке алынбайды және жалға берілмейді, ауыстырылмайды немесе бөлінбейді.
- 1.5 АУ-ң студенттер үйінің ішкі тәртіп ережелері студенттер үйінің барлық тұрғындары орындауға міндетті жергілікті нормативтік акт болып табылады.
- 1.6 Студенттер үйінің тұру ақысы университет белгілеген тарифтер бойынша белгіленеді.
- 1.7 Студенттер үйінде тұру тек күндізгі бөлімнің және жеке баспанасы жоқ студенттерге ғана беріледі.
- 1.8 Студенттер үйінен шығатын тұлғалар студенттер үйінің меңгерушісіне немесе оның міндеттерін орындайтын тұлғаға жиһазды, төсек орын заттарын және басқа мүлікті тапсыруы керек.
- 1.9 Жиһазды және төсек орын заттарын тапсырмаған және оларды бүлдірген тұлғалар, студенттер үйіне келтірген залалды өтеуге міндетті.
- 1.10 Студенттер үйіне күрделі және ағымдағы жөндеуді университет жүргізеді.
- 1.11 Студенттер үйіндегі ішкі тәртіп университеттің Ғылыми Кеңесі бекіткен және студенттер кәсіподақ комитетімен келісілген АУ-ң студенттер үйінің ішкі тәртіп ережелері арқылы реттеледі.
- 1.12 Студенттер үйінің тұрғын үй ауданының көлемі бір тұрғынға шаққанда 6 шаршы метрден кем болмау керек.
- 1.13 Студенттер үйіне қамсыздандырылуына бөлінетін қаражат және тұрғындардың студенттер үйіне тұру үшін төлейтін ақысы есебінен әрекет етеді.
- 1.14 СНЖЕ сәйкес, студенттер үйінде кітапхана филиалы, сақтау камералары, жуыну бөлмелері, кір жуу және үтіктеу бөлмелері, әжетхана және ас дайындау бөлмелері бар.

2 Қысқартулар

Осы ережеде төмендегі қысқарған сөздер қолданылады:
 АУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Университеті;
 СНЖЕ – Санитарлық нормалардың жалпы ережелері;
 ӘМЖЖСЖП – Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;
 АМЖП – Оқу ісі жөніндегі проректор;
 ҚББ – Құрылымдық бөлімнің басшысы;
 СМК- Сапа мониторингі кеңсесі.

3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 3.2 Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;
- 3.3 АУ жарғысы;
- 3.4 АУ ішкі құжаттамасы

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	5 - бет, 10 беттен тұрады

3.3 АУ жарғысы;

3.4 АУ ішкі құжаттамасы

4 Негізгі міндеті

4.1 барлық нормалар мен ережелерге сәйкес келетін студенттік жатақханаларда тұруға жағдай жасау;

4.2 тұрғындар үшін барлық қажетті заттар мен жабдықтарды орналастырып, жайлы өмір сүру жағдайларын жасау;

4.3 бұл жатақханада тұратындар үшін идеалды өмір сүру ортасын, санаға (психикаға), демек, тұрғындардың тағдыры мен өмірлік жетістіктеріне оң әсер ететін ортаны құр

5 Негізгі қызметі

5.1 студенттерді қоныстандыру процесіне қатысу;

5.2 студенттердің жатақхана шегінде бір үй-жайдан екінші үй-жайға ауысуына қатысу;

5.3 жатақханадан шығару процестеріне қатысу;

5.4 тұратын студенттер арасындағы жанжалды жағдайларды шешумен айналысу;

5.5 студенттердің бос уақытын ұйымдастырумен айналысу

5.6 жатақханада спорттық, мәдени және ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру;

6 Ұйымдық құрылымы

6.1 Студенттердің жатақханаларда тұруын тікелей жалпы бақылауды комендант жүзеге асырады;

6.2 Жатақхананың студенттік кеңесі өз құрамынан төрағаны, оның орынбасарын сайлайды және Кеңестің басқа мүшелері арасында міндеттерді бөледі, ол жатақханаларда студенттік бос уақытты ұйымдастырудың жалпы мәселелеріне тікелей жауап береді

6.3 Студенттерді орналастыру және көшіру туралы жалпы сұрақтарға құрылымдық бөлімшелердің тиісті басшылары жауап береді

6.4 Негізгі міндеті. Студенттер үйіне орналасу және шығару.

6.4.1 АУ-ң студенттер үйіне білім алушының орналасуы студенттер үйіне орналасу туралы деканат ұсынысы негізінде және білім алушының жеке өтініштері мен студенттер үйінің тұрғын бөлмесін жалдау келісім-шартының негізінде жүзеге асырылады;

6.4.2 Тұрғын бөлмені жалдау келісім-шарты екі данадан дайындалады, олардың біреуі студенттер үйінің тұрғынына, екіншісі студенттер үйінің комендантына беріледі.

6.4.3 Студенттер үйіне орналасу студенттер үйінің коменданты, шаруашылық қызметі департаментінің директоры, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор арқылы жүзеге асырылады.

6.4.4 Студенттер үйіне уақытша орналасқан тұлғалар, оның ішінде студенттер, оқу аяқталғаннан кейін немесе басқа себептер бойынша студенттер үйінен шығып кетсе, олар студенттер үйінен шығарылады және басқа бөлме берілмейді.

6.4.5 Студенттер үйінің тұрғыны өзінің міндеттерін қатаң түрде бұзған кезде сонымен қатар, студенттер үйінің тұрғыны, оның отбасы мүшелері немесе онымен бірге тұратын тұлғалар төменде көрсетілген әрекеттерге жол берсе, бұл жағдай студенттер үйінің тұрғынына басқа бөлме берілмеуге, оның студенттер үйінен шығарылуына негіз болады:

- тұрғын бөлмені міндетіне қарай қолданбау;
- тұрғын бөлмедегі жиһаздарды жүйелі түрде бүлдіру;
- тұрғын үй алаңына 6 айға дейін ақы төлемеу;
- рұқсатсыз басқа тұрғын бөлмені иелену.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	6 - бет, 10 беттен тұрады

- 6.4.6 Студенттер үйінен шығару туралы шешім жиналыстың хаттамасымен хатталады.
- 6.4.7 Қажет болған жағдайда әкімшілік тиісті түрде хатталған құжаттарымен бірге тұрғындарды (отбасы мүшелерімен бірге) студенттер үйінің басқа бөлмесіне немесе басқа студенттер үйінің бөлмесіне ауыстыруға құқылы.
- 6.4.8 Бөлме түріндегі тұрғын бөлмеде тұратын тұлға бөлме түріндегі басқа тұрғын бөлмеге көшіріледі.
- 6.4.9 Студенттер үйінде тұру үшін төленетін ақы тұрғынның тек нақты тұрған уақыты үшін ғана алынады. Студенттер, магистранттар, тыңдаушыларға студенттер үйінде тұру үшін төленетін ақы мөлшерін университет белгілейді.
- 6.4.10 Бір төсек орны бар тұрғын бөлменің ақысы бір төсек орын бойынша төленеді.
- 6.4.11 Мемлекет тарапынан қамтамасыз етілетін жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар және мүгедектер тұрғын үй алаңын пайдалану үшін ақы төлеуден босатылады.
- 6.4.12 Басқа қалалардан келген біліктілікті арттыру факультеттерінің тыңдаушылары, сырттай оқу бөлімдерінде оқитын студенттер, іссапарға келген тұрғындар үшін студенттер үйінің тұру ақысы АУ студенттер үйінің тұру ақысының калькуляциясына сәйкес төленеді.
- 6.5 Студенттер үйіне отбасылы студенттердің және оқытушылардың орналасуы**
- 6.5.1 Отбасылы студенттерге және оқытушыларға студенттер үйінен орын беру баспаналық санитарлық нормаларды сақтай отырып, оқшауланған подъездерден, секциялардан берілетін тұрғын үй қорын есепке ала отырып, ректордың шешімімен белгіленеді;
- 6.5.2 Қабылдау емтихандарын тапсырған кезінде талапкерлерге және университетте жұмыс істеген кезінде жоғары оқу орнының қызметкерлеріне студенттер үйінде тұруға рұқсат етіледі.
- 6.5.3 Отбасылы студенттердің тек біреуі ғана университетте оқитын немесе жұмыс істейтін жағдайда студенттер үйінде тұруға құқылы.
- 6.6 Студенттер үйінің тұрғындарының құқықтары мен қызметі**
- 6.6.1 Студенттер үйінің тұрғындарының құқықтары:
- студенттер үйінің құрал-жабдығын, мүлкін және оқу, мәдени-тұрмыстық бөлмелерін пайдалануға;
 - құрал-жабдықты, төсек орын заттарын және студенттер үйінің басқа да мүлкін ауыстыруды, сонымен қатар, тұрмыстық жағынан қамтамасыз етудегі кемшіліктерді жоюды талап етуге;
 - студенттер үйінің Кеңесін (Студенттер Кеңесін) сайлау және оның құрамына сайлауға;
 - студенттер үйінің Кеңесі (Студенттік Кеңес) арқылы студенттер үйінің тұрғындарын тұрғындық-тұрмыстық жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру, тәрбие жұмысын және демалуды ұйымдастыру, өзіндік жұмыстарына арналған тұрғын бөлмелерді және жайларды жабдықтау мен безендіру туралы және т.б. мәселелерді шешуге қатысуға;
- 6.6.2 Студенттер үйінің тұрғындарының міндеттері:
- Студенттер үйінің Ережелерін қатаң сақтауға;
 - тұрғын бөлмелерде және ортақ пайдалану орындарында тазалық сақтау, күн сайын тұрғын бөлмелерде және блоктарда тазалық жұмыстарын жүргізуге;
 - студенттер үйінде тұру, төсек орын заттарын пайдалану және көрсетілген барлық қосымша ақылы қызмет түрлері үшін белгіленген көлемде уақытында ақы төлеуге;
 - өзіне бекітілген мүліктердің бүлінбей сақталуын қамтамасыз етуге;
 - келтірілген материалдық залалды нарық (номиналды) құны бойынша өтеу немесе

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	7 - бет, 10 беттен тұрады

ауыстыруға;

- келтірілген материалдық залалды нарық (номиналды) құны бойынша өтеу;
- электр энергиясы мен суды үнемдеп пайдалануға;
- күнделікті қолданылмайтын және көлемі ауқымды бағалы заттарды сақтау камерасына өткізуге;
- студенттер үйінен шығып кеткен кезде, сонымен қатар, демалысқа немесе өндірістік іс-тәжірибеге, уақытша жол жүргенде бұл жайлы студенттер үйінің меңгерушісіне уақытында ескерту, заттарын сақтау камерасына, ал қолхат арқылы алынған мүлікті қолхатпен (бүлінбеген күйінде) жатақхана меңгерушісіне тапсыруға.

6.6.3 Студенттер үйінің тұрғындарына тыйым салынады:

- бір бөлмеден басқа бөлмеге өз бетімен көшуге;
- мүлікті бір бөлмеден басқа бөлмеге тасуға;
- электр құрылғыларын ауыстыру және жөндеуге;
- жатын бөлмелерде жылыту құрылғыларын пайдалануға;
- жатын бөлмелер, фойелер және дәліздердегі электр көздерін (розеткалар, выключательдер), өрт дабыл қаққыштарын бүлдіруге, сындыруға және басқа жерге көшіруге;
- «ашық» электр плитасын пайдалануға;
- балаларды үлкендердің бақылаусыз қалдыруға;
- ас үйде дайындалып жатқан тамақты бақылаусыз тастап кетуге;
- балкондар мен лоджиялардан темекі тұқылын лақтыруға;
- тұрғын бөлмелерде кір жуу, киімді және аяқ киімді тазалауға;
- магнитофон, компьютер, теледидар дыбысын бөлме шегіндегі естілуден артық деңгейде қатты қоюға;
- 23-00 сағаттан кейін дыбыс шығаратын жабдықтарды қосу, өлең айту және шулауға;
- бөлме (блок) немесе студенттер үйінің кеңесімен алдын-ала келіспей, арнайы бөлінген орындардан басқа тұрғын бөлме немесе ортақ пайдалану орындарының қабырғаларына хабарландыруларды, кестелерді, сурет көшірмелерін жабыстыруға;
- бөтен адамдарды түнетуге;

7 Құқығы

7.1 Әкімшілік студенттер үйінен шығарып тастауға құқылы:

- оқуды аяқтаған немесе жұмыстан шыққан тұлғаларға;
- студенттер үйінің ішкі тәртіптерін жүйелі түрде бұзатын тұлғаларды.

7.2 Әкімшілік міндетті:

- студенттік қалашықтардағы студенттер үйінің санитарлық және басқа нормалар мен ережелерге сәйкес тұрмыстық бөлмелер, сақтау камералары, жуыну, демалу бөлмелері, медициналық бөлімше оқу залдары және т.б жабдықтауға;
- белгіленген нормаларға сәйкес студенттер үйін жиһаз, төсек орын заттары мен басқа мүліктермен толықтыруға;
- студенттер үйінің бөлмелері мен ғимараттарын, жабдығы мен мүлкін уақытында жөндеуге;
- белгіленген санитарлық нормаларға сәйкес тұрғындарға коммуналдық-тұрмыстық қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етуге;
- студенттер үйіне тұрғындық, мәдени-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бойынша іс-шараларды жүзеге асыруға;

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	8 - бет, 10 беттен тұрады

- әрекеттегі нормаларға сәйкес студенттер үйінің тұрғындарына жеке пайдалану үшін мүліктер беруге

7.3 Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін ҚББ және СМК жауапты болады.

Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.

ҚББ-не енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқа және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасақтау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі

Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.

7.4 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге Құрылымдық бөлімнің басшысы жауапкершілікте болады.

7.5 Ереже Құрылымдық бөлімнің басшысының қажеттілігіне қарай қаралады.

8 Жауапкершілік

8.1 Әзірлеу, мазмұны, құрылымы, ресімделуі үшін алғы сөзде көрсетілген құжатты әзірлеушілер жауап береді.

8.2 Есепке алынған Ереженің жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін ҚББ жүктеледі.

Ережені Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді және таныстыруды Құрылымдық бөлімнің басшысы жүзеге асырады.

Ескірген, күші жойылған ережелерді Сапа мониторингі кеңсесіне жасақтап және тапсыру үшін Құрылымдық бөлімнің басшысы жауапты болады.

9 Қорытынды ережелер

9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.

10 Өзгерістер енгізу тәртібі

10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі.

Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді.

Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді.

Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады.

Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:


-заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;

-Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;

-құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;

-құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

-ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.



 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	9 - бет, 10 беттен тұрады

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	9 - бет, 10 беттен тұрады

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	9 - бет, 10 беттен тұрады

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	Студенттер үйі туралы Ереже	9 - бет, 10 беттен тұрады

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

